КЕНЕС РАҚЫШЕВ СӘДІБЕК ТҮГЕЛ

ҚАЗАНАТ
ҚАЗАНАТ
QAZANAT



КЕҢЕС РАҚЫШЕВ ◇ СӘДІБЕК ТҮГЕЛ

ҚАЗАНАТ
КАЗАНАТ
KAZANAT



Алматы 2011

УДК 636.1 (084)
ББК 46.11.я6
Р18

РАҚЫШЕВ КЕҢЕС
ТҮГЕЛ СӘДІБЕК

ЗАМАНА ЖЕЛІМЕН ЖАРЫСҚАН - ҚАЗАНАТ
КАЗАНАТ - ЛЕТЯЩИЙ СКВОЗЬ ВРЕМЯ
KAZANAT - FLYING THROUGH THE TIME
– г. Астана. Пресс-клуб «Түгел», 204 б., қазақша, орысша, ағылшынша

ISBN 978-601-06-1157-3

ЗАМАНА ЖЕЛІМЕН ЖАРЫСҚАН - ҚАЗАНАТ
КАЗАНАТ - ЛЕТЯЩИЙ СКВОЗЬ ВРЕМЯ
KAZANAT - FLYING THROUGH THE TIME

© Редактор: **Айгерим Тугел**
Дизайн и верстка: **А. Кайнарбаев**

© Использованы фотографии:
А. Ахметуллина, С. Бондаренко, И. Бургандинова, О. Белялова, Ш. Жуматова, Ж. Кәкенұлы, С. Кызайбекұлы, С. Кусаинова, Б. Отарбаева, А. Мукушева, С. Матюкова, В. Шарипова, Г. Шаповалова

© Воспроизведены репродукции работ художников:
К. Ахметжанова, Ж. Беристенова, А. Дузелханова, И. Никелева, И. Соколовой, Б. Тулекова

Отпечатано в издательстве ТОО «АЛМАТЫ ПРИНТ» г. Алматы, ул. Пирогова 31, офис 111

ISBN 978-601-06-1157-3

ISBN 978-601-06-1157-3
9 786010 611573

© РАҚЫШЕВ КЕҢЕС
© ТҮГЕЛ СӘДІБЕК
© Пресс-клуб «Түгел»

Шын мәнінде "Қазанат" кітабы өте қызықты, мыңызды шығарма. Авторлар ғылыми және күнделікті өмірдегі деректерге сүйене отырып, жылқы әлеміндегі қайталанбас орыны бар Қазанат туралы шебер жазады, суреттейді.

Көшпенділердің сенімді серігі "Қазанат" халқымызбен бірге ғасырлар бойы барлық ауыртпалықтар мен қиындықтарды бірге өткерді. Ол тағдырдың тәлкегіне қарамастан иесі қазақпен Ұлы даланы, қасиетті жерімізді сақтап қалды. Осынау ұшық қиырсыз созылып жатқан кеңістікке ие болып қалу үшін, біздің ата-бабаларымызға тек ерлік пен шыдамдылық қана емес, төзімді, мықты, есті, ауыздығымен арпалысқан сенімді серіктері желқанатты тұлпарлар керек болған. Міне осы қасиеттерге, тек табиғат ананың керемет сыйы, қазақ аты – Қазанат ие болды. Біздің халқымыз қазанаттарға қарыздар.

Сонымен қатар, шығарма авторлары әлемдік жылқылардың шығу тегі, тарихы, таралуы және өсіп-өнуі тұрғысында да көп еңбектенген, зерттеген.

Кітап сонысымен де құнды.

Сөзсіз, авторларымыз жылқы шаруашылығы мен ат спортына арналған үш тілді, көлемді және толыққанды кітап жазып үлкен жетістікке ие болып отыр.

Шығарма барлық оқырмандарға арналады.

Книга "Казанат" – это безусловно, интересное публицистическое произведение. В нем авторы в непритязательной и в то же время в интересной форме, основываясь на данных науки и самой жизни, попытались раскрыть перед знатоками и просто любителями еще одну знаменательную страницу огромного мира лошади легендарного Казаната.

Славный Казанат, пришедший к нам из глубины седых веков и сегодня будит цокотом своих неустанных копыт не только неоглядное, прекрасное в своей неповторимости пространство мира, но и человеческие сердца и души. От магического, песенного звука сердца обретают вторую молодость, а души – большие крепкие, надежные крылья. Да, ощущение полета, высоты, неизмеримого блаженства дарует нам наш вечный спутник – Казанат. Его удивительные способности и неисчерпаемые возможности - символ нашей силы, славы, гордости.

Надо заметить, что в пяти главах своего произведения авторы попытались "объять необъятное". И, следует сказать, им очень многое удалось. Эти удачи, несомненно, станут неожиданными открытиями для многих читателей этой, бесспорно, интересной и содержательной книги.

Book "Kazanat" is undoubtedly interesting work. In this work famous horse- fanciers in plain and at the same time interesting form, basing on science and life itself, tried to open to amateurs and experts one more memorable page of huge world of horse of legendary Kazanat.

Glorious Kazanat came to us from the grey centuries and today he wakes by clatters of its hooves not only beautiful in its originality but also men's hearts and souls. From magic sound, hearts born second youth, and souls- strong and reliable wings. His great capabilities and inexhaustible possibilities are symbols of our strength, glory and pride.

It is necessary to note that in five chapters authors tried to unite everything. And, evident to say that they could do it.

Кіріспе орнына

Жылқы - өзінің қайталанбас әу бастағы қалпын күні бүгінге дейін жоғалтпай келе жатқан, аңыздарға арқау, ертегілерге үзілмес желі болған сипаты бөлекше жаратылған жануар. Сонау есте жоқ көне замандардан күні осы уақытқа дейін бір бойына көптеген артықшылықтарды, ерекше қасиеттер мен өзгешеліктерді жинастырған жылқының Табиғат-Ана жан беріп жаратқаннан бергі тегі мен құпия сырларына әбден қанығып болдық десек, мұнымыз бүгінде асылық айтқандық та болар еді.



Ақиқатын айтқанда, ауыздығымен арпалысқан, желмен жарысқан сәйгүліктер оны жанындай сүйетіндердің, тақымы мықты, ат құлағында ойнаған шабандоздардың қашан да сенімді серігі, қашса құтылар жүйрігі, баптап бәйгеге қосса көзінің қуанышы, ең аяғы қайғырса іш құсасын ақтарар сырласы да болған.

Жылқы – жігіттің мақтанышы, абыройы мен беделі әрі күнделікті шаруасында қолқанаты да.

Өздеріңізге мәлім, желмен жарысқан, сенімін алдамаған сәйгүлік нағыз шабандозбын деген жанның ғана емес, отбасының, қала берді бір ауыл, бір рудың мақтанына айналған.

Дара туған тұлпарлар жайындағы аңыздар мен әңгімелер, толғаулы жырлар мен жүрек бауырған әндер де жетіп артылады. Тіпті олардың көбі сонау ғасырлар қойнауынан ұрпақтан-ұрпаққа ауызша беріліп, күні бүгінге дейін қаймағын бұзбаған қалпында жеткен. Сондықтан да замана дауылы қанша соғып, уақыт ағыны өзгерді деген күннің өзінде, адамның желқанат жылқыға деген ерекше құмарлығы мен сүйспеншілігі бір бәсеңдеп көрген жоқ.

Археологтардың және ғалым-тарихшылардың пайымдауынша осыдан сан мыңдаған жылдар бұрын қазіргі Қазақстан жерінде халық аузында Қазанат деп аталып кеткен жылқы тұқымы мол болған. Шынында да олар өзінің жүйріктігімен, төзімділігімен ерекшеленген. Оның тегі туралы олар өздеріне күтім жасаған иелеріне, қасиетті туған жерін ашық шайқастарда жан сала қорғаған, батырлардың сенімді серігі атанған жай ғана жылқы емес, нағыз қанатты тұлпарлар еді деген сөз бар. Сол Қазанаттардың даңқы әлі көмескі тартқан жоқ, керісінше қазақтардың жүрек түкпірінде, жадында сақталып қалды.

Жал-құйрығы күлтеленген Қазанат, арада құйындатып өткен буырқанған ғасырлардан қарғып өтіп, өзінің ай тұяғымен бүгінге дін аман жетіп, көріктей кеудесімен әлі де ертеңіне қарай дүбірлетіп бара жатқандай. Оған ешқандай тосқауыл да, кедергі де, асулы белдер мен шексіз кеңістіктер де бөгесін болмақ емес. Ол Табиғат-Ананың бар бейілін салып жаратқан ерекше бір сыйы десек те жарасады.

Алайда, жылқының жаратылысындағы ерекшеліктерді қанша танып, білдік дегенімізбен, оның күпия әлеміне әлі де терең бойлай алмай жатқан сияқтымыз. Себебі ол бойындағы бар қасиетін өзін ерекше баптап күтетін, өзін жанындай сүйіп, айнымас серігіне балайтындарға ғана жарқырата ашады.

Қазанат туралы ертегідегідей, аңыздар мен қиялдағыдай қылып айтқанымызбен, Қазанатты біздің қайталанбас көркі бар ұлан-ғайыр даламызға қайта оралтудың қажет екендігін ұмытуға болмайды. Ол бұған әбден лайық. Өйткені, біздің Қазанатымыз төзімділігі, мықтылығы, қызу қандылығы, ұшқырлығы тарапынан атақты арап, ағылшын жылқыларынан ешқандай да кем емес. Тек оны бағалай білуіміз қажет.

Құрметті оқырман, біздің кітабымыз халқымыз сүйген, ғасырлар қойнауынан бізге дейін жеткен Қазанат және әлемдегі жылқылар туралы болмақ. Бұл еңбегіміз спортшы мен атбегіге де, бапкер мен мал дәрігерге де, зоотехник пен төрешіге де, жылқының бейнесін салуға ұмтылған суретші мен атпен саяхаттайтын туристік сапарлардың жобасын сызатындарға да пайдасын тигізеді деген үміттеміз.

Табиғат-Ана жаратқан, адамдардың сан ұрпақтары бірінен кейін бірі баулып, тұрмысқа бейімдеген қолға үйренген жылқы күндердің күнінде ғайыпқа айналып, көзден бұл-бұл ұшып кетпек емес. Керісінше біздің егеменді Қазақстан атты байтақ еліміздің жазиралы даласы үйір-үйір жылқы қостарына қайта толып, ұлттың мақтанына айналатынына, табиғат пен адам байланысының арқауы ешқашан үзілмейтіндігіне сенімімізді орнықтыра түспек.

Вместо предисловия

Конь – это реальное и в то же время сказочное, былинное, возвышенное в своей неповторимости и в первозданной красоте животное. Созданное загадочной матушкой-природой, щедро одаренное ею неоспоримыми качествами, не перестает восхищать, удивлять, поражать человека.

Поэтому для истинного ценителя лошади, настоящего казаха - наездника-джигита резвый и в то же время послушный скакун всегда был и остается верным другом в большом счастье и в неутешном горе.

Конь – гордость степняка, его надежный помощник в повседневных делах, его крылья в состязаниях на удаль и ловкость...

Издревле верный конь описывается как символ благополучия степняка-кочевника. Без легкокрылого тулпара трудно представить полноценный образ подлинного батыра, его подвиги, совершенные во имя родной земли, во имя свободы своего народа.

Неспроста испокон веков о скакунах слагаются поэмы и легенды, которые передаются из поколения в поколение, ибо выдающиеся качества коня во все времена расценивались кочевниками наравне с мужеством и благородством батыров. Именно поэтому священна память людская о них.

По свидетельству археологов и ученых-историков, много веков тому назад лошади породы Казанат были известны и популярны среди казахского народа. Действительно, по многим данным эти лошади считались очень выносливыми. О ее представителях говорили так: "Это не просто конь, а могучий, крылатый, неутомимый скакун, служивший верой и правдой тем, кто ухаживал за ним, кто в жестоких сражениях защищал рубежи священной, родной земли. Слава о Казанате нетленна, она жила в душах, в памяти казахов, будет жить и переживет многие века, так как мечта остается всегда крылатой.

Пришедший к нам из глубины веков Казанат - надежный, славный и редкий по своим великолепным качествам конь. И вопреки суетности жизни, Казанат летит сквозь время, будоража его цокотом звонких копыт, торжеством собственного превосходства и неукротимости, раздвигая своей широкой грудью пространство многоликого бытия.

И нет предела этому неукротимому движению вперед и только вперед. И нет преград его полету в бесконечность.



которая распахивает перед ним свои просторы, видя в нем одно из лучших творений природы, совершенное в исполнении, достойное только уважения и почитания.

О славном тулпаре Казанате нельзя говорить лишь в форме прошедшего времени, хотя и воспет он поэтами прошлых веков. Ибо Казанат продолжает свой стремительный бег по просторам суверенного Казахстана. Эта порода лошадей не исчезла, она сохранилась по сей день. Но, безусловно, потомки легендарного Казаната нуждаются в нашей заботе, поскольку в круговерти истории, было время, когда мы забывали вовремя холить и лелеять своего верного друга и помощника. Ныне наша задача возродить, восстановить его некоторые утерянные качества. Казанат достоин быть в ряду самых известных мировых породы лошадей. Задача сложная, но вполне выполнимая. Необходимо совместное усилие ученых, истинных ценителей лошадей и, конечно же, государственная забота.

Наша книга, уважаемый читатель, при всем величии Казаната и всенародной любви к нему, охватывает более широкие темы. Мы попытались сделать посильный нам экскурс в увлекательный мир лошадей. Искренне надеемся, наш труд будет полезен жокею и конюху, тренеру и ветеринару, зоотехнику и судье, художнику, рисующему лошадей, и инструктору, прокладывающему конный туристский маршрут, словом, всем, кто искренне любит этих великолепных животных.

Мы верим, что домашняя лошадь, выпестованная природой и доведенная до сегодняшнего его великолепия упорным трудом многих и многих поколений людей, никогда не исчезнет из нашей жизни, подобно мифическим животным, упоминаемых в сказаниях и легендах. Многотысячные табуны будут привольно пастись на цветущих просторах суверенного Казахстана, олицетворяя его гордость, славу, нерасторжимую связь природы и человека.

Instead of the preface

Horse – is a real and at the same time fabulous, epic animal, lofty in his originality and in his primeval beauty. Created by many-sided and yet very mysterious Mother-Nature, he was endowed with incontestable advantages and qualities, which either at the previous times or now don't cease to enrapture, astonish and dazzle a man.



Қобыланды батыр және оның әйгілі Қазанат тұқымды тұлпары "Тайбурыл"

Кобыланды батыр и его легендарный конь "Тайбурыл" породы Казанат

Kobylandy batyr and his legendary horse "Taiburyl" of Kazanat breed

Therefore for the real horseman-warrior, a frisky and docile horse always was and still is a faithful friend and a fellow traveler, either in big happiness or in inconsolable grief.

He is his pride, valor and fame, he is his laborious helpmate in his everyday doings, he is his wings in contests and his reliability in the endless amusements and games for people and self-satisfaction.

It is universally recognized, that at the heart of an able horseman's welfare, prosperity of his family, pride of his generation is a frisky, reliable, faithful fast horse. Generally, people make up sagas and legends, sing songs about him, which then should be handed over from generation to generation, piously revere memory, which, as everybody knows, is imperishable because it is beyond the control of time.

According to the information of historical scientists many centuries ago there exsisted a breed of horse, which was styled as Kazanat on the glorious, honourable earth of Kazakhs. Indeed? On its incontestable qualities, it was a strong and sturdy horse breed. They said about the representatives of that breed: "It's not an ordinary horse, but mighty, winged, indefatigable racer, who served those ones, who took care about him, who protected the borders of sacred, native Kazakh Earth – Kazakhstan. The Glory of Kazanat is imperishable; he lived in souls, in memory of Kazakh people. He will live and go through many centuries, as the dream is always winged.

He came to us from the deepest centuries, Kazanat - reliable, glorious and unique. Nevertheless, notwithstanding the vanity of life, he flies through the time, agitating by the clatter of his tireless hoofs, his victorious neighing and the triumph of self-superiority, pulling out the space of our existence by his wide chest.

And there are no limits for this impetuous zeal to go only forward and forward, and no limits for his flight into eternity, which offers its freedom for him, seeing him as the best creation of nature. Perfect and laborious, he is worthy of respect and worship, and on no account can be forgotten.

There are no limits for this indomitable moving ahead and only ahead. And there are no obstacles for its flying into endlessness, which opens its freedom before it, seeing in it the best of nature creatures, perfect in its form, worthy of respect and worship.

We cannot speak about glorious Kazanat only in the form of past tense, though it hymned by the poets of past centuries. Since Kazanat keeps on running along the range of sovereign Kazakhstan. This horse breed did not disappear it is kept to this very day. But, undoubtedly, the descendants of legendary Kazanat needs our care, as in the constant flow of history there was time when we forgot to care for and cherish in time our devoted friend and mate. Nowadays our aim is to regenerate some lost characteristics of this horse. Kazanat is worthy of being in one raw with the most famous world horse breeds. The objective is difficult enough, but quite accomplishable. We need mutual efforts of scientists, real lovers of horses and of course care from state.

Dear reader, our book covers more complicated themes than just greatness and nation-wide love to Kazanat. We tried to make an adequate digression into the fascinating world of horses. We sincerely hope that our work will be useful for jockey and stableman, trainer and vet, zoo technician and judge, painter who draws horses, and instructor, forming horse tourist route, saying in one word, for all who frankly loves these magnificent animals.

We believe that a domestic horse, fostered by nature and brought to its today magnificence with pertinacious labor of many and many generations of people, never will disappear from our life, similar to mythical animals, mentioned in legends and stories. Numerous flocks will freely browse in the flowered expanses of our sovereign Kazakhstan, personifying its pride, fame and indissoluble ties of man and nature.

Ат үстінде Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Оның мінгені Луговой жылқы зауытының қазақы тұқымды су жорғасы "Өрлеу". Біздің Елбасымыз әрқашан жылқының қадірін жоғары бағалайды, оның дамуына ерекше көңіл бөледі. Өзі небір асаулардың айылын тартып мініп, тақымында жуасытты. 2005 жыл.

Первый президент Республики Казахстан Нурсултан Абишевич Назарбаев верхом на великолепном иноходце казахской породы по кличке "Өрлеу" Луговского конезавода. Наш президент большой ценитель и знаток коневодства. Он как искусный наездник умеет быстро оседлать любого ретивого коня. 2005 год.

First president Nursultan Nazarbaev on magnificent ambler of Kazakh breed named "Orleu" of Lugovskoi stud farm. Our president is a great connoisseur of stud farm. He as a skillful rider can saddle any sprightly horse. 2005



I

ТАБИҒАТТЫҢ ҚҰН ЖЕТПЕС АСЫЛЫ

НЕОЦЕНИМЫЙ ДАР ПРИРОДЫ

INESTIMABLE NATURE GIFT



Астана қаласының "Алтын Тұлпар" ат спорты клубының "Принцип" атты Араб айғыры

"Принцип" - жеребец арабской породы конного спортивного клуба "Алтын Тулпар" г. Астаны

Stallion "Princip" of the Arabic breed of "Altyn Tulpar" horse sports club

Бәлкім сіз жылқы түлігімен жақын араласпаған болсаңыз да: Олардың арғы заты кімдер? Олар қайдан пайда болды? Бүгінде олар керек пе?- деген сауалдар төңірегінде ойланған да шығарсыз. Әуесшіл, әрнеге мән бергіш, алдына қандай да бір мақсат қойса, соны әбден тамырлап болмай тыным таппайтын жандар осындай ой теңізіне сүңгитіні хақ.

Жалпыға мәлім, адам адам болып жаратылып, табиғатқа ықпал етерлік оңы мен солын тани бастағаннан бері санасын үздіксіз жетілдірумен келеді. Алғашқы адамдардың ең алдымен өзіне маңызы бар, пайдасы мен себі тиетін жайларға назарын аударып қана қоймай, сонымен қатар оның өзіне табиғаттың кең ауқымдағы қиял қанаты жетпес көп қырлы сырын меңгеріп, ақыл сарабынан өткізуге мүмкіндік беретін, одан өз орнын алуына жағдай туғызатын жағдайларға ұдайы ұмтылысы оның қалыптасу процесін тездетуге ықпал етті.

Бүгінде жылқының адамға Табиғат-Ана тарту еткен баға жетпес байлығы екендігін әркім мойындайды. Осы жалпыға мәлім тұжырымды бүгінде аулақ серпіп немесе оған дау айтатындардың табыла қоюы неғай-

Если вы сами не имели дела с лошадьми, то, наверное, хотя бы задавались такими вопросами: Кто их предки? Откуда они произошли? Нужны ли они сегодня? Размышления подобного рода характерны для людей любознательных, ищущих, целеустремленных.

Как известно, познание человеком окружающего мира шло через неуклонный рост его сознания и познания самого себя. Постоянная устремленность к самосовершенствованию привела первобытного человека к ряду важных открытий, полезных во всех отношениях, прежде всего, для него самого и в то же время позволяющих ему в значительно ускорить процессы освоения и осмысления мира природы, и места человека в ней.

Издавна известно: лошадь – бесценный дар щедрой матушки-природы. Вряд ли кто возьмется отрицать или оспаривать это общеизвестное утверждение. Ведь однажды приручennая нашими пращурами лошадь служит, радует людей на протяжении веков. И сегодня, в двадцать первом веке, при невиданном расцвете высоких технологий, она, вопреки всему, остается символом красоты, верности, выносливости.

If you have never dealt with horses, then you probably have the following questions: Who are their ancestors? Where did they come from? Are they necessary today? Reflections of this kind are typical for inquisitive, searching and purposeful people. Hankering after knowledge and realization of novelty is necessary and fairly often it leads to unexpected revelations, which substantially liberalize people, who go alongside with them.

As everybody knows, cognition of outward things by man, since the moment of his appearing on earth and to his self-affirmation as a master of nature, went through an unswerving growth of his consciousness and understanding of himself with simultaneous, gradual and deepest comprehension of conditions where he was, what reasons and circumstances influence his course of life, what results have his incessant quests for the place in existing living space.

Today it is acknowledged, that horse – is an inestimable present to people from the lavish Mother – Nature. Hardly a man would deny or challenge this known statement. We call it known, because if you tamed a horse once, he would please you during the centuries. Even today, in the twenty first century, when there is

был. Сонау ертедегі адамдар бір рет қолға үйреткен жылқы, арада мыңдаған жылдар өткенімен, әлі де біздің көз қуанышымызға айналып келеді. Ғылым мен білім кемеліне келіп дамыған жиырма бірінші ғасырда да ол сұлулықтың, адалдықтың, төзімділіктің нышанына айналып отыр.

Жылқының, ақиқатында оның адам үшін жаратылысы туралы айтқанда, олардың қолға үйренуі турасында сөз қозғаған да абзал. Онсыз жабайы, тарпаң мінезді, еркіндік сүйгіш жылқының ақылды, тіл алғыш үй жануарына айналуының барысын зерделеу мүмкін емес.

Үй жануарларының шыққан тегі проблемасын шешу мәселесімен көптеген зерттеушілер (орыстың табиғат зерттеушісі П.С.Паллас, швед ғалымы К.Линней, француз ғалымдары Ж.Кювье мен Э.Жоффруа Сент-Илер және басқалар) айналысқан, бірақ тек Ч.Дарвин ғана "Түрлердің табиғи жолмен сұрыпталып шығу тегі", (1859) және "Үй жануарлары мен мәдени өсімдіктердің өзгерісі" (1868) атты еңбектерінде жабайы жануарлардың үй жануарына түрленуін материалистік тұрғыдан түсіндіріп, олардың эволюциясын дәлелдей алды.

Дарвин қазіргі ауыл шаруашылық малдарының тұқымдарын анағұрлым ертедегі тұқымдарымен және олардың жабайы түрлерімен ұқсастығын (дене түрқы, ішкі органдарының құрылысы, қаңқасы, мінезі, әдеті т.б.) салыстыру арқылы үй жануарларының шығу тегін зерттеудің ғылыми негіздерін қалыптастырды.

Үй жылқыларының жабайы тегі туралы мәселе жан-жақты зерттелген

Говоря о явлении лошади миру, а, вернее, человеку, нелишне сказать о процессе его одомашнивания. Без этого, думается, будет трудно представить эволюцию – превращение лошади из дикой, своенравной, гордой, свободолюбивой особи в умное, послушное животное.

Проблему происхождения домашних животных исследовали многие ученые (русс. естествоиспытатель П.С. Паллас, швед. ученый К. Линней, франц. ученые Ж. Кювье и Э. Жоффруа Сент-Илер и др.), но только Ч. Дарвину в трудах "Происхождение видов путем естественного отбора" (1859) и "Изменения домашних животных и культурных растений" (1868) удалось дать материалистическое объяснение преобразованию диких животных в домашних и доказать их эволюцию.

Дарвин заложил научные основы происхождения домашних животных путем сравнения современных пород сельскохозяйственных животных с более древними породами и со сходными с ними дикими формами (по телосложению, строению внутренних органов, скелета, поведению, повадкам и т.п.).

Дикие предки домашних лошадей освещены в работах В.О. Ковалевского, В.И. Громовой, В.О. Витта и др. Установлено, что род лошадей сложился в верхнем плиоцене Северной Америки (конец третичного периода), откуда животные распространились в Азии, Европе и Африке. Попав в новые условия, они дали здесь начало новым подродам: ослов (сохранились в диком состоянии в Африке), полуослов (онагр, кулан, кианг – одомашнены не были), зебр (трудно прируunprecedented daring and blossoming of science, it, regardless of everything, is a symbol of beauty and staying power.



Speaking about the first meeting of horse and man, we should mention farming animals, those ones, who are with us up to the present time and about the domestication of them. Without it, it appears, it will be difficult to see evolution – transformation of a horse from a wild, capricious, proud and freedom-loving beast, to a clever, obedient animal.

Many researchers were interested in the problem of the origin of domestic animals (Russian naturalist P.S. Pallas, Swedish scientist K. Linnet, French scientists J. Cuvee and Saint-Iller etc.), but only Ch. Darwin in his proceedings "The origin of species and natural selection" (1859) and "Changes of domestic animals and cultivated plants"



Алда ҚР Президенті ат қорасының жүйрігі Фракассан (Алматы 2005)
Лидирует скаковую конюшню Президента РК Фракассан (Алматы 2005)
Stallion Fracassan of the President's stable leading



Қазанат тұқымды қара айғыр.
Жеребец вороной масти породы Казанат.
Black coat stallion of Kazanat breed

(В.О.Ковалевскийдің, В.И.Громованың, В.О.Виттің және басқалардың зерттеулері). Жылқының арғы тегі жоғарғы плиоцен дәуірінде (үшінші кезеңінің соңы) Солтүстік Америкада қалыптасып, ол жерлерден Азияға, Еуропаға және Африкаға тараған. Жаңа жерге тап болған олар жаңа тұқымдар: есектерді (жабайы түрлері қазір Африкада кездеседі), жартылай есектерді (онагр, құлан, кианг - қолға үйретілмеген), зебраларды (қолға үйретілуі өте қиын) және жылқылардың өзінің (Пржевальский жылқысы) тұқымдарын қалыптастырады. 19 ғасырдың ортасына дейін Еуропада жартылай жабайы тарпаңдар өмір сүріп келді.

Ең алғаш малдарды қолға үйрете бастау қай кезде және қай жерлерде басталған дегенге нақтылы жауапты тек алғашқы адамдар қоныстарына жүргізілген қазба жұмыстары бере алады. Осы қазбаларға қарағанда малдарды қолға үйрету мезолит және неолит дәуірлеріне жататындығын аңғарамыз. Ал палеолит дәуірінде үй жануарлары әлі болмаған, адамдар өздерінің өмір сүрулерін аңшылықпен, балық аулаумен, өсімдіктер және олардың жемістерін жинаумен қамтамасыз етіп келген. Мезолитте қолға тек иттер, неолитте – шошқа, қой, ешкі, ірі қара мал, кейіннен – жылқы үйретілген.

Қолға үйрену барысында, жаңа ортадағы жағдайдың және арнайы

чаются) и собственно лошадей (лошадь Пржевальского). До середины 19 века в Европе существовали полудикие тарпаны.

О времени и месте одомашнивания первых животных судят главным образом по раскопкам поселений первобытного человека. Раскопки свидетельствуют о том, что начало одомашнивания животных относится к эпохам мезолита и неолита. В предшествовавшую им эпоху палеолита домашних животных еще не было, человек обеспечивал свое существование охотой, рыбной ловлей, собиранием растений и их плодов. В мезолите были одомашнены только собаки, в неолите – свиньи, овцы, козы, крупный рогатый скот, позднее – лошади.

В процессе приручения под влиянием новых условий среды и искусственного отбора, у животных появились признаки, отличающие их от диких животных, в том числе и полезные человеку. На протяжении веков полезные признаки культивировались человеком, что привело к созданию многочисленных пород, отвечающих самым разнообразным потребностям людей.

Лошадь – непарнокопытное травоядное животное рода Equus, единственного ныне живущего рода семейства лошадиных, или однокопытных (Equidae). К роду Equus, кроме лошади, относятся зебры, ослы и азиатские полуослы (кулан, онагр, кианг и др.).

(1868) managed to supply the materialistic explanation of conversions of wild animals to the domestic ones and prove their evolution.

Darwin laid the foundation of scientific study of the origin of domestic animals by means of comparison of present-day breeds of farming animals with ones that are more ancient and similar wild forms (on constitution, building of internals, skeleton, behavior, habits etc.).

Question about the ancestor of domestic horses was studied very thoroughly (V.O. Kovalevsky, V.I. Gromova, V.O. Vitt etc.). It appeared that horse's genus wereformed in the upper Pliocene in Northern America (the end of tertiary period), from where animals extended in Asia, Europe, and Africa. Having found themselves in new conditions, they gave rise to the new breeds of donkeys (kept wild in Africa), onager, koulan, kiang (not domesticated), zebras (difficult to tame) and horse proper (Przevalsky's horse). Up to the middle of 19th century, there were half-wild tarpons.

Information about place and time of horse domestication is mainly given by the archeological digs of primitive's settlement. Archeological digs prove, that the beginning of horse domestication can be related to mesolite and late Stone Age. In the preceding period there were no domestic animals and people provided themselves with food by hunting, fishing, picking up berries and plants. In mesolite only dogs were domesticated, in late Stone



Қазанат тұқымды Ақбоздың үстінде дауылпаз ақын, батыр Махамбет Өтемісұлы. XIX ғ.
Великий поэт, батыр Махамбет Утемисов верхом на жеребце светло-серой масти породы Казанат. XIX в.
Batyr Makhambet Utemisov great poet on the horse-back of light grey coat of Kazanat breed

іріктеудің ықпалымен олардың бойында, жабайы түрлеріне қарағанда, адамдарға пайдалы белгілер қалыптаса бастады. Арада сан ғасырлар өткенде адамдар олардың өздеріне пайдалы жақтарын жетілдіре түсті, соның нәтижесінде жылқының сан қилы қажеттіліктерді өтейтін көптеген жаңа түрлері пайда болды.

Жылқы – аша тұяқты емес, шөппен қоректенетін (Eguus) қазіргі жылқы тұқымдастарға немесе ай тұяқтыларға (Eguidae) жататын бірден-бір жануар. Eguus тектеріне, жылқыдан басқа, зебралар, есектер және азиялық жартылай есектер (құландар, онагрлар, кианғтер және басқалар) жатады.

Осы түжырымдарға байлау жасау үшін көптеген ғалымдарға тер төге жұмыс істеуге, соңғы екі миллион жылдағы Жер бетіндегі оның тарихи орнын, жылқының шығу тегін қалпына келтіру үшін әрбір назар аударарлық деректерді тірнектеп жинастыруларына тура келді.

Қазіргі жылқының ең ертедегі қарабайыр түрі – барилямбда жер бетінде бұдан алпыс миллион жыл бұрын пайда болғандығы анықталған. Олар жылқыға қай жағынан да мүлде ұқсамайды. Жуан, бойы екі метрден астам барилямбда тұяқ тектес тырнақты бес салалы саусақтардан тұратын қысқа аяқтарымен өте баяу қозғалған. Ол бұталармен және шөппен қоректенген.

Осыдан шамамен 50 миллион жыл бұрын өмір сүрген төменгі эоцен кезіндегі жылқының өте ертедегі

Чтобы воссоздать эволюцию историко-биологического развития лошади многим ученым пришлось проделать огромную работу, по крупице, по кирпичику восстанавливать происхождение лошади, ее место в истории жизни на Земле за последние два миллиона лет.

Было установлено, что примитивная предшественница нынешней лошади – барилямбда появилась земле более шестидесяти миллионов лет назад. На современную лошадь она почти ничем не походила. Толстая, длиной более двух метров, барилямбда медленно передвигалась на коротких ногах, оканчивающихся пятью пальцами с копытообразными ногтями. Питалась она кустарниками и травами.

Древнейший известный прародитель лошади (эогиппус) из нижнего эоцена, живший около 50 миллиона лет назад, был ростом с лисицу. Был он горбат, полосат. На передних ногах имел три пальца, на задних – четыре. По естественному мосту, что соединял тогда Скандинавию, Исландию и Канаду, эогиппус, родившийся в Северной Америке, проник в Европу и здесь превратился в огромного палеотерия. Палеотерии быстро вымерли. Природа как опытный селекционер создавала новые формы, а неудачные выбраковывала.

Эогиппус, оставшийся в Америке, тоже изменялся. От него произошел орогиппус, от которого, в свою очередь, - трехпалый мезогиппус (40-25 млн. лет до н.э. Рост 52 см.). Он был

Age – pigs, sheep, goats, cattle and later – horses became domestic animals.

During the process of taming, under the influence of new conditions and artificial selection, animals got the features, which set them apart from the wild ones, including very useful ones for man. During the centuries people cultivated helpful features, that lead to the creation of numerous breeds of farming animals, corresponding to the various needs of people.

Horse is a perissodactyle, herbivorous animal of Equus genius, which is the only existing genius of horse family, or soliped (Equidae). Equus genius, beside the horse, includes zebras, donkeys and Asian half-donkeys (koulan, onager etc.).

To find this information many scientists had to do much to restore the origin of horse, his place in the history of life on the Earth for the last two million years.

It was found out, that his primitive predecessor of present horse – barilyambda appeared on the planet more than 60 million years ago. She hadn't got anything from the appearance of present horse. Fat, her length was more than two meters; bariyambda was very slow on her short legs with five fingers and hoof-like nails. She ate bushes and grass.

The most ancient predecessor of horses (Eohippus) from Eocene period lived for about 50 million years ago. His was like a fox in size, hunchbacked and striped. His front legs had three fingers, back ones had four fingers. Over the natural bridge, which connected Scandinavian countries, Island



Шайқас.("Көшпенділер" фильмінен көрініс) XVII ғ.
Битва.(из фильма "Кочевники") XVII в.
Battle (still from the film "The Nomads") XVII c.

тегінің (эогиппустың) бойы түлкідей ғана болған. Ол еңкіш, жолақты келген. Алдыңғы аяқтары үш, артқы аяқтары төрт саусақты. Сол кездерде Скандинавияны, Исландияны және Канаданы жалғап жатқан табиғи мойнақ арқылы Солтүстік Америкада пайда болған эогиппус Еуропаға өтіп, мұнда орасан үлкен палеотерияға айналған. Палеотериялар тез жойылып кетті. Табиғат тәжірибелі сұрыптаушы сияқты, жаңа түрлерді жасап шығарып, сәтсіз туындысын құртып келген.

Американда қалған эогиппус та өзгерістерге ұшырады. Одан орогиппус, бұдан өз кезегінде - үш саусақты мезогиппус (біздің дәуірімізге дейінгі 40-25 миллион жыл бұрын. Бойы 52 см.) тараған. Ол өзінің алдындағы тектеріне қарағанда қоймен шамалас, үлкендеу болған.

Миллиондаған жылдарға созылған өте баяу дамуының себебі – табиғаттың өзгерістеріне байланысты. Климаттың өзгеруіне қарай, хайуанаттар мен өсімдіктер дүниесі де өзгеріп отырды. Ағаштар жойылып кетті. Орасан зор шексіз алаңқай өзінің орасан зор көрпесімен Жер бетін қымтады. Мезогиппусты жан-жағынан азулы жыртқыштар - қасқырлардың арғы тектері торуылдады, олардың бой тасалар жерлері қалмады. Жалғыз сенері – желмен жарыстырар аяқтары ғана еді. Мезогиппус өзгерістерге ұшыраған қоршаған ортаға бейімделе бастады.

Ортаға бейімделуі ұзаққа созылды, түрқы әсем гиппариондар (Біздің

больше, чем предки, - ростом с овцу.

Превращения, происходившие очень медленно на протяжении миллионов лет, были вызваны изменением природных условий. Менялся климат, а вместе с ним - животный и растительный мир. Леса исчезли. Огромные прерии гигантским одеялом покрыли Землю. Мезогиппус оказался окруженным врагами, всевозможными хищниками, в том числе предками волков. Единственное спасение от хищников - быстрые ноги. Мезогиппус начал приспосабливаться к изменившейся окружающей среде.

Долго тянулось это приспосабливание, миновало несколько стадий развития, прежде чем появился грациозный гиппарион (10-1 млн. лет до н.э. Рост 142 см.). Ноги у него были еще трехпалые, но бегал он на трех пальцах - так быстрее. И рост у него был вполне подходящий для прерии – такой же, как у ослика. Именно поэтому гиппарион стал чуть ли не владыкой мира. Бесчисленные табуны гиппареонов населили Америку и Евразию. Их миллионные стада были неудержимы, как тучи саранчи или полчища грызунов. Ископаемых остатков гиппарионов так много, что палеонтологи называют весь животный мир той поры "фауной гиппариона". Не было их только в Африке, Южной Америке и в Австралии. Проникнуть на эти материки гиппарионам помешали широкие проливы.

Прошли миллионы лет. Гиппарионы вымерли. Таким образом, наши лошади произошли не от гиппариона,

and Canada at that time, Eohippus who was born in Northern America, he got into Europe and there turned into a huge paleoterii. Paleoterri died out very fast. Nature as a perfect selectionist was creating new forms, rejecting the bad ones.

Eohippus, who stayed in America, also changed. Orohippus came from him, and then from the last one, in its turn, - tridactylous mezohippus appeared (40-25million years B.C. Height 52 sm.). He was bigger than his ancestors, - like sheep in size.

Transformations which happened very slowly – during millions of years, - were caused by the natural changes. Climate was changing and the whole world was changing with it. Forests disappeared. The huge prairies covered the Earth like a blanket. Mezohippus turned out to be ringed in with enemies, various predators, some of them were the ancestors of present wolves, but there was no place to hide in.

The only rescue - were fast legs. Mezohippus began to adjust to the environment.

Adjustment took much time, many developmental stages passed, before the time when graceful Hyperion appeared (10-1 million years B.C. Height 142 sm.). His legs were still tridactyl, but he used three fingers while running – this was faster. His height was quite becoming for the prairies – the same as donkey's. Therefore, hipparion became almost the ruler. Numerous flocks of hipparions inhabited America and Eurasia. Their numerous flocks were assiduous as the clouds of locust or swarms of rodents.



Қамбар батырмен Қазанат тұқымды атақты "Қаракаска" айғыр

Камбар батыр и его знаменитый жеребец "Каракаска" породы Казанат

Kambar batyr and his famous stallion "Karakaska" of Kazanat breed

дәуірімізге дейінгі 10-1 миллион жыл бұрын. Бойы 142 см.) пайда болғанға дейін олар дамудың бірнеше сатысынан өтті. Оның аяқтарында әлі де үш саусағы болғанымен, ол жүйрік болды. Әрі бойы да біршама жетіліп, есекке жетіп қалды. Соның арқасында гиппариондар жер бетіне кеңінен тарап, Америка мен Еуразияда үйір-үйір болып жайылды. Олардың миллиондаған қостары шегірткелер мен кеміргіштердей көбейіп кеткендігі сондай, гиппарондардың қаңқалары жиі кездескендіктен палеонтологтар сол кезеңнің хайуанаттар дүниесін "гиппариондар фаунасы" деп атайды. Олар тек Африкада, Оңтүстік Америкада және Австралияда ғана болған жоқ. Осы құрылықтарға гиппариондардың өтіп кетуіне ені үлкен бұғаздар кедергі келтірді.

Арада миллиондаған жылдар өткенде гиппариондар да жойылып кетті. Сондықтан да қазіргі жылқылар гиппориондардан тарады деуге негіз жоқ, керісінше олар оған мейлінше жақын болып келетін плиогиппустардан тараған деуге болады.

Бұл аралықтарда Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуразия мен Африка мойнақтармен жалғасып жатты. Содан да плиогиппустар үйірлері бүкіл осы аумақты қоныстанды.

Осы арада мына жайды айта кеткен абзал, жылқының арғы тектерінің арасында назар аударуға тұрарлық, өте аз зерттелгендері де кездеседі. Өйткені қазба жұмыстары кезінде аса ірі ауыр а от его ближайшего родственника – плиогиппуса.

К этому времени снова соединились перешейками Северная и Южная Америка, Евразия и Африка. И табуны плиогиппусов населили всю эту территорию.

Интересные и мало изученные процессы происходили среди предков лошадей. При раскопках встречаются останки лошадей, которые были больше самого крупного тяжеловоза, и одновременно попадаются другие – меньше самого маленького пони.

Неизвестные нам трагедии разыгрывались в царстве лошадей. Почему-то в Африке уцелели только зебры и ослы, а в Америке - на том материке, где впервые появилась лошадь, - она полностью вымерла.

Судя по раскопкам, ближайшие предки лошади населяли Северную Америку. Ее-то ученые и считают родиной собственно лошадей. Отсюда, по существовавшим в древности перешейкам суши, предшественники современных лошадей попали в Европу, Азию, Африку, где их потомки здравствуют и поныне, но значительно отличаются от предков ввиду изменившихся климатических условий и вмешательства человека.

Парадокс, но в Америке в каменном веке лошадей не стало. Мнения ученых на этот счет разделились: одни связывают такое явление со сплошным оледенением материка, другие – с уничтожением эквидов людьми каменного века. Открыватели Америки в XV веке не встретили там лошадей.

There are so many archeological remains of Hypperion, which paleontologists used to name the whole animal world of that period "Hypperion fauna". They were not in Africa, South America and Australia. Broad channels prevented the penetration of hypperion to these continents.

Million years passed and hypperions died out. Therefore our horses came from hipparion's closest kin – Pliohippus.

By that time, such continents as South and North America, Eurasia and Africa were connected by the isthmuses. So the flocks of Pliohippus inhabited all these lands.

It is necessary to notice, that interesting and insufficiently studied processes occurred among ancestors of horses. In archeological digs there are remains of horses which were more than the largest cart-horse, and at the same time there were many of small size, even smaller than ponies.

Unknown and obscure for us tragedies were played in an empire of horses. For some reason in Africa zebras and donkeys were left whole, and in America, on that continent where the horse appeared for the first time, - she died out completely.

According to the archeological digs the closest of present-day horses lived in North America. The continent is considered to be the "motherland" of horses proper. From that very place, through the ancient isthmuses the ancestors of present-day horses got into Europe, Africa and Asia, where their posterity live until now, but considerably differ from ancestors in view



Тұлпарлар дүбірі
Топот лошадей
The sound of the horses" hooves

салмақтыларымен қатар, қазіргі понилерден де түрқы кіші шағын жылқылардың қаңқалары табылып отыр.

Біздің пайымдауымызша, жылқы патшалығында әлі өзіміз біліп болмаған алмағайып кезеңдер бастан өткен. Себебі Африкада тек зебралар мен есектер аман қалып, жылқылар пайда болған Америка құрлығында олар жойылып кеткен.

Қазба деректеріне қарағанда, жылқының ең жақын тектері Солтүстік Американы мекендеген. Оны ғалымдар жылқының отаны санайды. Осы арадан, ертедегі құрылықтарды жалғастырып жатқан мойнақтар арқылы күні бүгінге дейін өсіп, өніп келе жатқан, бірақ климаттық жағдайға және адамның араласуына байланысты бұрынғы тектерінен көп өзгерістерге ұшыраған қазіргі жылқылардың арғы тектері Еуропаға, Азияға, Африкаға өткен.

Бір таңқаларлығы сол, тас ғасырында Американда жылқы мүлде құрып кеткен.Осыған байланысты ғалымдардың пікірлері екіге жарылады: біреулері мұны материкті тұтас мұз басып кетуінен десе, екіншілері – эквидтерді тас ғасырының адамдары құртып жіберуінен дейді. XY ғасырда Американы ашқандар ол жерден жылқыны кездестіре алмаған.

XYI ғасырдағы француз философы Мишель де Монтень үндістердің ең алғаш аттылы испандықтарды көргендегі әсерлерін былайша суреттейді: "...олар өздеріне келген осы адамдарды және олардың мінген аттарын құдай немесе

Вот как описывает французский философ XVI века Мишель де Монтень реакцию индейцев на первые встречи с конными испанцами: "...приняли этих прибывших к ним людей и их лошадей за богов или за животных, обладающих такими высокими качествами, которые человеческой природе не свойственны. Некоторые из них, после того как они были побеждены, явились просить у испанцев мира и пощады, принеся им золото и пищу; с такими же подношениями они подходили к лошадям и обращались к ним так же, как людям, принимая их ржание за выражение согласия и примирения".

Таким образом в Америке лошадей не было много тысячелетий. Те мустанги, о которых повествуют в приключенческих романах - это вовсе не дикие лошади, а одичавшие. Они были завезены европейцами, но по разным причинам отбились от жилья и человека. География распространения одичавших лошадей обширна. Ныне, кроме Америки, они есть в Австралии, Польше, Канаде, Франции, России, на Украине.

Приученные мустанги очень пригодились американским индейцам, скотоводам. В бескрайних прериях мустанг был незаменим: быстрый, выносливый, сильный, ловкий. Эти лошади легко переносят голод и жажду, пробираются по глубокому снегу и переправляются через бурные горные реки. Такое по силам только аборигенным породам лошадей.

of changed climatic conditions and intervention of man.

It may sound paradoxically, but in America, during the Stone Age, horses disappeared as a kind. Opinions of scientists on this account fell into different categories: first ones connect this phenomenon with a continuous congelation of continent, others – with the destruction of ancient genuses by people of the Stone Age. Discoverers of America have not met horses there.

Here is how the French philosopher of XVI century Michel de Montaigne describes the reaction of Papuans to the first meetings with horse Spaniards: "... these people and their horses, which arrived to them, were accepted for gods or for the animals possessing such high qualities which to a human nature are not peculiar. Some of them after they have been defeated were to ask Spaniards for peace and mercy, having brought them gold and food; with the same gifts they approached horses and addressed to them also, as to people, accepting their neighing for expression of the consent and reconciliation ".

Thus, there were no horses in America during several millenniums. Those mustangs, which described in adventurous novels are not the wild ones, but domesticated horses, which became wild. Europeans brought them to that lands, but different reasons made them get away from people. The geography of spreading of these pseudo wild horse is vast, and now they inhabit Australia, Poland, Canada, France, Russia, Ukraine, but not in America.

2500 жылдық тарихы бар Берел жылқыларының табылуы ғасыр жаңалығы болып саналады. Оның ашылуына көрнекті мемлекет қайраткері, Алматы қаласының әкімі Иманғали Тасмағамбетов мырза орасан зор үлес қосты. Суретте: Иманғали Тасмағамбетов және Зейнолла Самашев.

Имеющие 2500 – летнюю историю останки 13-ти лошадей найденные при раскопках Берельского Кургана талантливым археологом Зейноллы Самашевым является настоящей сенсацией, открытием века.

В подготовке и проведении данной археологической экспедиции всяческое содействие оказывал видный государственный деятель страны, аким города Алматы Имангали Тасмагамбетов.

Having 2500 year history remains of 13 horses found during digging of the Berel burial mounds by talented archeologist Zeinolla Samashev is sensation of the century.

Famous public figure and the present mayor of Almaty Imangali Tasmagambetov rendered every assistance in carrying this archeological expedition



адамзат табиғатымен қабыспайтын ерекше құдіретті хайуан деп қабылдаған. Олардың кейбіреулері, жеңіліс тапқаннан кейін, испандықтардың алдына жүгініп алтындары мен тағамдарын ұсынып, қайырым мен кешірім сұрап жалбарынған, жылқының кісінеуін келіскендік мен кешірім жасағандық деп түсінген".

Осыдан байқап отырғандығымыздай, Америкада сан мыңдаған жылдар бойына жылқы түлігі атымен болмаған. Ал шым-шытырық оқиғалы романдарда сипатталатын мустангтар – жабайы емес, тағыланып кеткен жылқылар. Оларды бұл континентке еуропалықтар әкеліп, әлдебір себептерге байланысты адамдар мен олардың тұрақтарынан қол үзіп кеткендер. Тағыланып кеткен жылқылар күні бүгіндері, Америкадан басқа, Австралияда, Польша, Канада, Франция, Ресей, Украинада кездеседі.

Қолға үйретілген мустангтер американдық үндістерге, мал өсірушілерге үлкен пайда әкелді. Ұшы-қиыры жоқ жазықтарда тұрқы соншалықты көз тартарлық болмағанымен, жүйрік, төзімді, күшті, икемді мустанг олардың сенімді серігіне айналды. Бұл жылқылар аштық пен шөлге шыдамды, қалың қар мен ағысы қатты өзендерден қиналмай өте береді. Мұндай қасиеттер тек жылқылардың тағы түрлеріне ғана тән.

Бір қызығы сол, үндістердің аңыздарында жылқыны еске салатын бұлыңғыр естеліктер сақталып қалған. Ал адамдар Америка құрлығында жылқы атымен жойылып кеткен соң ғана пайда болған. Ғалымдардың тұжырымда-

Интересно, что в легендах индейцев сохранились смутные воспоминания о лошадях. Хотя ученые утверждают, что человек появился в Америке уже после того, как они исчезли.

Долгое время считалось, что род лошади состоит из четырех подродов: собственно лошадей, ослов, полуослов и полосатых зебр. Однако в начале 90-х годов прошлого века ученые отнесли зебр к двум самостоятельным подродам – зебра Греви и все мелкие зебры, тем самым увеличив число подродов до пяти. Первый – собственно лошади. Сюда относятся все конские породы: от уэльского и шотландского пони до владимирского тяжеловоза, способного вести груз без малого в 23 тонны.

До недавнего времени предками домашней лошади считали ее многочисленных диких сородичей. Остановились на трех особях – лошадь Пржевальского, Тарпан, Кулан.

Лошадь Пржевальского открыта русским путешественником Н.М. Пржевальским в Центральной Азии в 1879 году. Мелкорослая (высота в холке 120-135 см), плотного телосложения, с большой головой, толстой короткой шеей, невыраженной холкой, прямой спиной, короткими тонкокостными ногами. Грива короткая, густая, прямостоячая, челка отсутствует; оброслость хвоста начинается с середины репицы. Масть чаще буланая и саврасая, по спине темный ремень, хвост и грива черные. В небольших количествах обитает в Заалтайском Гоби в Монгольской Народной Республике и в северо-западном Китае. Держится косяками по 5-20 голов. Очень


